ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 ақпан іс №4360-24-00-2/3315 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы А.Қ.Жақыпбектің қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Ут-техпромсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Жарқын Болашақ Әлемі» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы,
Талап қоюшының өкілі Н.Жұмағалиұлы,
Жауапкер және үшінші тұлға өкілі А.Садыков,
Аудармашы М.Тогизбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 10 қазанда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында №363 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 764 000 теңгеге 35 дана балалар асханасына арналған төрт орындықтарымен бір үстел жихаз комплектісін тапсырыс бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 12.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.04.2025, судья Ельшібеков Б. Е., 17.04.2025

4360-24-3-1/3493

Сканировано с CamScanner

Шарттың 8.1. тармағына сай шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 31 желтоқсан 2024 жылға дейін қолданылатыны бекітілген.

Шарт қазынашылық органында 2024 жылғы 11 қазанында тіркелген.

Тапсырыс беруші тарапы 16 қазан 2024 жылы 35 дана комплекті асхана жихазына мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тапсырыс берген.

Тиісінше, жауапкер 2024 жылғы 1 қарашаға дейін тауарды жеткізуге тиіс болған.

Алайда, жауапкер бұл міндетін орындамаған.

Жауапкер тарапы міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты талап қоюшы шартты біржақты бұзу туралы хабарламаны 3 қараша 2024 жылы жолдап, шарт 22 қараша 2024 жылы бұзылған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 23 күнге 40572 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде талаппен келіспейтінін, шарттың техникалық ерекшелігінде тауарды жеткізу алдында Тапсырыс берушімен өнімнің сапасын, сыртқы түрін, түсі мен дизайнын келісу қажет деп көрсетілгенін, 4 қараша күні талап қоюшы Ватсап желісі арқылы дөңгелек стол болмайтынын, төрт бұрышты стол қажет екенін айтқанын, сол себептен жауапкер дөңгелек стол іздеп жүріп қалғанын, келісу жүргізу 20 қарашаға дейін созылып кеткенін, кейін үстелді келісуге алып келген кезде шарт біржақты бұзылғанын білгенін, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Н.Жұмағалиұлы талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, шарт бұзылғанын, жауапкер үстел мен орындық жобасымен келісуге 25 қараша күні ғана келгенін, ол кезде тауарды жеткізу уақыты өтіп кеткенін, шарт бұзылғанын, келісуге алып келген орындықтар техникалық ерекшеллікке сай келмегенін, ватсап желісі арқылы жауапкер өкілдерімен өзі сөйлескенін, дөңгелек үстелді төрт бұрышты үстелге ауыстыру туралы өтініш айтқанын, шартқа ешқандай өзгеріс енгізілмегенін, келісуге алып келген үстелмен келіскенін, адам отыратын орындықтардың сапасы төмен болғанын, онымен келіспегенін, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер және үшінші тұлға өкілі А.Садықов қарсы пікірде көрсетілген уәждерін қолдап, өз түсінігінде талап қоюшы тапсырыс берер алдында тауарды келісіп алу қажет екенін, талап

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 12.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.04.2025, сұлыя Ерлибеков Б. Е., 17.04.2025

4360-24-3-1/3493

Сканировано с CamScanner

қоюшы ешқандай келісу жүргізбегенін, кейін келісу жүргізу процессі созылып кеткенін, кейін тауардың техникалық ерекшелігін өзгерткенін, дөңгелек столдың орнына төрт бұрышты стол талап еткенін, сондықтан кешігу орын алғанын, жауапкер өзінің құрылтайшыларымен қаражат жұмсауды келісіп алу қажет болғанын, ол уақыт алғанын, талап қоюшы шартты негізсіз бұзғанын, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Л.Сырбайқызы талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасындағы 2024 жылдың 31 қазандағы №155 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы электронды келісім шарты қолданыс мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген.

Сонымен қатар, шарт 23 желтоқсан 2024 жылдан бастап біржақты бұзылған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 санды Заңымен 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылды.

Азаматтық Кодексінің 4-бабының 1-тармағында азаматтық заң құжаттарының кері күші болмайды және өздері күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған қатынастарға қолданылады. Азаматтық заң құжаттарының заңдық күші өздері күшіне енгізілгенге дейін пайда болған қатынастарға бұл оларда тікелей көзделген реттерде қолданылатыны бекітілген.

Тараптар арасындағы шарттың қолданыс мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін болғандықтан және шарт біржақты 2024 жылғы 23 желтоқсаннан бастап бұзылғандықтан тараптар арасындағы қатынастар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы нормаларымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен

Құжатқа қол қойылған: Берманов К. М., 12.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.04.2025, сұлыя Елшібеков Б. Е., 17.04.2025

60-24-3-1/3493

Сканировано с CamScanner

басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай жауапкер жалпы сомасы 1 764 000 теңгеге 35 дана балалар асханасына арналған төрт орындықтарымен бір үстел жихаз комплектісін тапсырыс бойынша тапсырыс берушіге 2024 жылғы 1 қарашаға дейін жеткізуге міндетті бола тұра жеткізбеген.

Яғни, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған.

Тиісінше, шарт 2024 жылғы 22 қарашасында бұзылған.

Сот отырысында жауапкер тарапы шарттың техникалық ерекшелігінде тауарды жеткізу алдында Тапсырыс берушімен өнімнің сапасын, сыртқы түрін, түсі мен дизайнын келісу қажет деп көрсетілгенін, талап қоюшы келісу жүргізбей тапсырыс бергенін, 4 қараша күні талап қоюшы Ватсап желісі арқылы дөңгелек столдың орнына төрт бұрышты стол қажет екенін айтқанын, сол себептен жауапкер дөңгелек стол іздеп жүріп қалғанын, келісу жүргізу 20 қарашаға дейін созылып кеткенін, кейін үстелді келісуге алып келген кезде шарт біржақты бұзылғанын білгенін көрсетіп, уәж келтірген.

Шарт талаптарында келісу жүргізудің нақты тәртібі көрсетілмеген.Яғни, жауапкер техникалық ерекшелікке сай келетін тауарды жеткізуге тиіс болған, талап қоюшы, тиісінше, сондай тауарды қабылдауға міндетті болған.

Сот отырысында жауапкер техникалық ерекшелікке сай келетін тауарды тапсырыс берушіге жеткізгенін сотта дәлелдемеген.

Жауапкер тарапының талап қоюшы өкілі Ватсап желісі арқылы дөңгелек үстел орнына төрт бұрышты үстел алып келуді айтқанын, сондықтан төрт бұрышты үстелді іздегенін көрсеткен.

Тапсырыс беруші тарапы шарт бойынша тауардың техникалық ерекшелігіне қатысты өзгерістерді шартқа қосымша келісім жасау арқылы шартқа өзгеріс енгізуге міндетті.Талап қоюшы тарапы Ватсап желісі арқылы хат жазу арқылы шарттың техникалық ерекшелігінде бекітілген тауардың сипаттамасын өзгертуге құқығы жоқ.

Сот отырысында жеткізуге тиісті үстелдің техникалық ерекшелігіне шартта қандай бір өзгерістер енгізілгені анықталмады.

Жауапкер келісу жүргізу барысында 25 қараша 2024 жылы бір дана үстел мен орындықты талап қоюшы тарапына апарған. Апарған орындықтар техникалық ерекшелікке сай келмеген. Ол кезде шарт біржақты бұзылған.Жауапкер тарапы келісу жүргізу әрекеттерін 2024 жылдың 1 қарашасына дейін жасауға міндетті болған.

Құжатқа қол қойылған Бержанов К. М., 12.02.2025

4360-24-3-1/3493

Сканировано с CamScanner

Жауапкер тарапынан келісу жүргізу қажет деген уәжді негізге алып, шарт бойынша міндеттемесін орындамай, жауапкершіліктен жалтару әрекеті байқалады.

Әр тарап шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауға міндетті.Жауапкер шарттың техникалық ерекшелігінде көзделген тауарды жеткізуге тиіс.

Жауапкер техникалық ерекшелікке сай келетін тауарды талап қоюшыға жеткізбеген.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 22 қарашасында жүгінген.

Талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі соттың 5 ақпан 2025 жылғы ұйғарымымен қараусыз қалдырылған.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Ут-техпромсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Ут-техпромсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Ут-техпромсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846(бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған Бержанов К. М. 12.02.2025

Заңды қолтаңбаны 10.04.2025 сулия Ерлибаева Б. Е. 17.04.2025

4360-24-3-1/3493

Сканировано с CamScanner

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 12.02.2025

Сканировано с CamScanner